

ЖОСПАР

I тарау. Мемлекеттің қаржы саясатының жалпы сипаттамасы.....	1
1.1 Әлеуметтік-экономикалық процестердегі қаржы саясатының мәні мен маңызы.....	2
1.2. Қаржы саясатының мазмұны мен міндеттері қаржы саясатының мақсаттары және қағидалары.....	8
1.3. Қаржы саясатының негізгі формалары.....	15
II тарау Экономикалық өсу процесіндегі мемлекеттің қаржы саясатының жағдайы.....	17
2.1 Мемлекеттің қаржы саясатының әлеуметтік жағдайға әсері.....	18
2.2. Экономикалық өсу процесіндегі фискалды салықтық қатынастардың аспектілері.....	23
2.3. Мемлекеттің оңтайлы фискалды жүйесі ұлттық экономиканы дамытудың негізгі ретінде.....	25
2.4. Қазақстан Республикасында толық фискалды механизмді жетілдірудің жолдары.....	30

I тарау. Мемлекеттің қаржы саясатының жалпы сипаттамасы

1.1 Әлеуметтік-экономикалық процестердегі қаржы саясатының мәні мен маңызы.

Саясат мемлекет қызметінің барлық бағыттарын қамтиды. Саяси ықпал жасаудың элементі болып табылатын қоғамдық қатынастардың сферасына қарай экономикалық, немесе әлеуметтік, мәдени немесе техникалық, қаржы немесе кредит, ішкі немесе сыртқы саясат туралы айтады.

Бұдан бұрын айтылғандай, кез келген қоғамда мемлекет қаржыны өзінің функциялары мен міндеттерін жүзеге асыру үшін, белгілі бір мақсаттарға жету үшін пайдаланады. Қойылған мақсаттарды іске асыруда қаржы саясаты маңызды рөл атқарады. Оны жасап, жүзеге асыру процесінде қоғам алдында тұрған міндеттерді орындаудың шарттары қамтамасыз етіледі, ол экономикалық мүдделерге ықпал жасаудың белгілі құралы болып табылады.

Қаржы саясаты – бұл қоғамның әлеуметтік-экономикалық дамуы жөніндегі міндеттерді шешу үшін қаржыны пайдалану жөніндегі мемлекеттің нысаналы қызметі, қаржыны басқарудың түпсіздікті мақсаты, оның нәтижесі. Ол мемлекеттің экономикалық саясатының құрамды бөлігі болып табылады.

Материалистік диалектика жүйесінде түрлі басқа саясат сияқты қаржы саясаты қондырмаға жатады, ал қаржы саясатында білінетін және өндірістік қатынастардың белгілі бір экономикалық формацянның бір бөлігі ретінде көрінетін қаржы қатынастары базистік болып табылады. Қаржы саясатын жасау процесінде елдің алдына қойылған міндеттердің орындалуы үшін материалдық жағдайлар қамтамасыз етіледі. Сондықтан тап қаржы саясаты экономика мен әлеуметтік сфераға ықпал жасаудың белсенді тетігі болып табылады.

Демек, қаржы саясаты қаржы ресурстарын іздестіру, шоғырландыру және жинақтау және экономикалық саясат жасайтын дамудың бағыттары бойынша оларды бөлудің міндеттерін шешеді.

Қаржы саясаты өзіне бюджет, салық, ақша, кредит, баға және кеден саясатын қамтиды. Бір кезегінде мемлекеттің қаржы саясаты тек оның экономикалық және әлеуметтік саясатын жүзеге асырудың құралы болып келеді, яғни қосалқы рөлді орындайды. Мемлекеттік саясаттың басқа да бағыттарын – ұлттық, геосаясаты, әскери саясаттарды да ұмытуға болмайды.

Қоғамдық - экономикалық формацияның базистік және қондырмалық жүйесіндегі қаржы



Осы бес бағыттың жиынтығы мемлекеттік саясатты жүргізудің негізгі құралы болып табылатын қаржы саясатын анықтайды

Қаржыны басқарудың бүкіл жүйесі мемлекеттің қаржы саясатына негізделеді. Қаржы саясатын жасауға биліктің заңнамалық және атқарушы тармақтары қатысады. Қазақстан Республикасында бның конституциялық ерекшеліктеріне қарай жалпы экономикалық саясат сияқты қаржы саясатын жасаудағы басымдық Қазақстан Республикасының Президентіне жатады, ол жыл сайынғы Жолдауында ағымдағы жылға және перспективаға арналған қаржы саясатының басты бағыттарын анықтайды. Үкімет экономиканы дамытудың басты бағыттарын жүзеге асыру және қоғамдағы әлеуметтік тұрақтылықты қамтамасыз ету мақсатымен осы Жолдаудың шеңберінде іс-қимыл жасауы тиіс. Осыған орай биліктің атқарушы тармағының бір бөлігі ретінде Үкімет қаржы саясатын іске асыруға қажетті заңдардың жобаларын жасайды және оларды қарап, қабылдау үшін Президентке тапсырады.

Мезгілінің ұзақтылығына және шешілетін мәселелердің сипатына қарай қаржы саясаты қаржы стратегиясы мен қаржы тактикасы болып бөлінеді.

Қаржы стратегиясы экономикалық және әлеуметтік стратегиямен анықталып, перспективаға есептелген және ірі ауқымды міндеттерді шешуді қарастыратын қаржы саясатының ұзақ мерзімді курсы. Ол макроэкономикалық процестер дамуының ұзақ кезеңіне бағытталған, ал оның шеңберіндегі күнделікті міндеттер басты стратегиялық мақсатқа жетудің кезеңдері ретінде жүзеге асырылып отырады. Сөйтіп, қаржы саясатының мазмұны экономикалық жүйеде қаржыны пайдаланудың стратегиялық бағыттылығымен үнемі анықталып отырады.

Қаржы стратегиясын мемлекет қоғам дамуының ірі тарихи кезеңдеріне үлестіре отырып жасайды. Оны жасау процесінде қаржыны дамытудың негізгі тенденциялары болжанады, оны пайдаланудың тұжырымдары қалыптасады, қаржы қатынастардың ұйымдастырудың қағидағтары белгіленеді. Ұзақ мерзімді мақсаттарды таңдап алу және қаржы саясатында мақсатты бағдарламаларды жасау қаржы ресурстарын экономикалық және әлеуметтік дамудың басты бағыттарында шоғырландыруды қажет етеді.

Қаржы тактикасы қаржы байланыстарын ұйымдастыруды дер кезінде өзгертіп отыру, қаржы ресурстарын қайта топтастыру арқылы қоғамды дамытудың нақтылы кезеңінің мәселелерін шешуге бағытталған. Ол назарды кезек күттірмейтін міндеттерді шешуге, пайда болған үйлесімсіздіктерді қаржылар жағы және елдің, аумақтың саланың

экономикасындағы ауытқушылықтарды жоюға шоғырландыра отырып, стратегиялық нұсқаманы нақтылайды. Қаржы стратегиясының бірінші ата тұрақтылығы кезінде қаржы тактикасы орамдылығымен ікемділігімен ерекшеленуі тиіс, ол экономикалық жағдайлардың, әлеуметтік факторлардың және басқалардың ширақтылығымен аадың ала анықталады.

Қаржы саясатының стратегиясы мен тактикасы өзара байланысты. Стратегия тактикалық есептерді шешу үшін қолайлы жағдайлар жасайды Экономика мен әлеуметтік сала дамуының шешуші учаскелері мен басты проблемаларын анықтай отырып, тактика әдістерді өзгерту, қаржы байланыстарын ұйымдастырудың нысандары арқылы неғұрлым қысқа мерзім ішінде ысырап пен шығындарды ең аз жұмсап, қаржы стратегиясы белгіленген міндеттерді шешуге мүмкіндік береді.

Қаржы саясатын экономикалық қатынастар тудырады, өйткені қоғам қаржы саясатын жасауда ерікті емес, ол өзінің мүмкіндіктеріне, объективті шындықтың шарттарына сүйенеді. Қаржы қатынастары дамуының өзінің айрықшылықты заңдары болады. Қаржының логикасы дамуға өзара кері ықпал жасай алады экономиканы тездетеді немесе оған кедергі жасайды.

Қаржы саясаты қаржы ресурстарын шоғырландыруға және зәру міндеттерді шешуге бағытталған, тап осы мемлекеттің қоғамдық өндіріске ықпал етуіне мүмкіндік жасайды Экономика мен қоғамның әлеуметтік дамуына қаржы саясатының ғылыми негізделген теориясы негізінде жүзеге асуын талап етеді. Тек ғылыми көзқарас, саясатты анықтайтын барлық факторларды біліп, зерделеу оның салыстырмалы дербестігінің объективті экономикалық қатынастар тәуелділігіне ұласпауының кепілі. Экономикалық дамудың тәжірибесі қаржы саясатының экономикадан қол үзуінің қатаң экономикалық қиыншылықтарға ұрындыратынын, қоғамдық дамудың міндеттерін іске асыруды сөзсіз тоқтататынын дәлелдейді.

Қаржы саясаты ғылыми зерттемелерге негізделсе және ғылыми тәсілдеме қаржы саясатының нақтылы қаржы қатынастарынан үзілмейтіндігіне қызмет етсе, онда қаржы саясаты прогрессивті болуы мүмкін.

Қаржы саясаты қазіргі кезеңде қарама-қайшылықты міндеттерді шешеді, демек қаржы саясаты баланстандырылған болуы тиіс.

Қазіргі жағдайда қаржы саясатының негізгі бағыттары мыналар болып табылады:

1. шаруашылық жүргізуді субъектілер қаржысының сферасында нарықтық қатынастарды нығайту жөнінде шаралар жүргізу;
2. дағдарысты жай-күйді жою және қаржы жүйесін сауықтандыру;
3. халықты әлеуметтік қорғау жөнінде шаралар кешенін жүргізу.

Нарықтық экономика жағдайында ұзақ мерзімді ғылыми қаржы болжамдарына негізделген және қаржы реттеуіштерінің жүйесіне сүйеніп әрекет ететін тиісті қаржы саясаты материалдық-заттай, ақша ағындарының күнделікті әрі перспективалық тепе-теңдігіне жетудің, соның негізінде қоғамның үдемелі экономикалық өсуін қамтамасыз етудің негізгі өркендеткіші әдісі болып табылады. Ол бірінші кезектегі міндеттерді – мемлекеттік бюджеттің тапшылығы мен ішкі және сыртқы борыштың мөлшерін, қаржы рыногын дамыту, қолданыстағы салық жүйесін жетілдіру, инфляцияның қарқынын төмендету және т.б. шешу үшін пайдаланылады. Сонымен бірге қаржы реттеуіштерінің жүйесімен айла-шарғы жасау арқылы белгілі бір түрде мемлекет пайдаланатын қаржы айналысында жүрген нақты ресурстар тиісті қаржы саясатына жетудің негізгі құралдары бола бастайды.

Қаржы саясатын нақты тарихи жағдайларға байланыстыра отырып жасау қажет. Олар қоғам дамуының әрбір кезеңінің өзгешелігін, ішкі, сол сияқты халықаралық жағдайдың да ерекшеліктерін, мемлекеттің нақты экономикалық және қаржылық мүмкіндіктерін ескеруі тиіс. Қаржы ресурстарының көлеміне белгіленген және жұмсалған шығындардың тікелей тәуелділігі жай ғана қаржы саналымының айғағы болып табылады және шаруашылық жүргізудің барлық деңгейлерінде қолдап отырылуы тиіс. Бұл маңызды талапты сақтамау бюджет тапшылығының, мемлекеттік борыштың пайда болып, көбеюіне инфляциялық процестерге ұрындырады.

Кезең ерекшелігін есепке алу оның алдындағы шаруашылық және қаржы құрылысының тәжірибесін, жаңа тенденциялар мен прогресивті құбылыстарды, дүниежүзілік тәжірибені мұқият зерделеуді де қажет етеді. Ағымдағы кезеңнің ерекшеліктерін, экономикалық дамудың толғағы жеткен қажеттіліктерін есепке алу негізінде қаржы саясатын дер кезінде өзгертіп отыру алдыда тұрған мәселелерді неғұрлым ұсықа уақытта және ең аз шығындармен шешуге мүмкіндік береді.

Қаржы саясатын жасаған кезде оның бірнеше нұсқалары дайындалады. Олардың барлығы сараптық бағалаудан өткізіледі, неғұрлым оңтайлы нұсқасы Үкіметке жіберіледі. Көп нұсқалы жоба математикалық үлгілеу мен жобалауды пайдалануды талап етеді.

Мұнымен бірге үнемі өсіп отыратын қаржы ресурстарының босақы қорын жасау қажет, сондай-ақ мемлекеттің шаруашылық жүргізуші субъектілерінің табыстарын алудың неғұрлым оңтайлы үлестерін анықтау қажет. Қаржы саясатын жасаған кезде қаржы ресурстарын бөлуге және оларды негізгі бағыттарға шоғырландыруға үлкен маңыз беріледі.

Елдің қаржы жағдайы бірқатар көрсеткіштермен сипатталады

1. жалпы қоғамдық өнім мен ұлттық табыс;
2. инвестициялаудың ауқымы;
3. негізгі қорларды капиталдарды жаңартудың қарқындары;
4. еңбек өнімділігінің өсуі;
5. халықтың тұрмыс деңгейі;
6. мемлекет бюджетінің тапшылығы.

Соңғы жылдардағы Қазақстанның қаржы жүйесі мемлекет бюджетіне төленбеген төлемдермен сипатталады. Жүйелі төлем қабілетсіздігінің салдарынан мемлекеттің борышын арттыруға тура еледі.

Тұрақтандырудың қаржы саясаты өзіне мына міндеттерді кіріктіреді:

1. инфляцияны тоқсату;
2. бюджет тапшылығын ЖІӨ-нің 2 дейін төмендету;
3. мемлекет борышының ЖІӨ-нің 48 дейін жеткізу.

Қаржы саясатына ақша-кредит саясаты қосылады. Қаржы саясаты жетістіктерінің бірі – Ұлттық банк кредиттерін беру эмиссия жолымен мемлекеттік борышты жабудан заңнамалық түрде бас тарту.

Қаржылық тұрақтандырудың міндеттеріне мыналар кіреді:

1. тұрақты бағалар инфляция нөлге жуық. Алайда инфляция жылына шамамен 1.8 тең болатын дамыған елдерде де болады;
2. бюджет тапшылығы ЖІӨ-нің аспайды;
3. мемлекет борышы аз соманы құрауы тиіс және тек ЖҮӨ-нің өсуімен өсуі тиіс.

Қаржы саясатына қойылатын маңызда талап қаржы саясатын жүргізгенде, яғни дамудың белгілі бір кезеңінің негізгі міндеттерін орындауға шаралар бағыттау жолымен қаржы жүйесінің барлық буындарында жүргізілетін шараларды келіскенде кешенді көзқарасты сақтау, сондай-ақ экономикалық саясаттың құрамды бөліктері арасында қаржы, кредит, баға, белгілеу, жалақы салалары саясатында тығыз өзара байланысты қамтамасыз ету болып табылады.

Қаржы саясатының бағыттары фискалдық және экономикалық саясат болып табылады. Фискалдық саясат ең маңыздысы мемлекеттік бюджет

болып табылатын орталықтандырылған мемлекеттік қорларды толықтырумен, экономикалық саясат, экономикалық процестерді реттеумен байланысты фискалдық саясат салық төлемдерін балу, қоғамдық тауарларды өндіру кезінде ресурстарды орналастыру, оларды бөлу, ақша қаражаттарының трансферттік ағындарының қозғалысы жөніндегі бөлу және қайта бөлу әрекеттерін, үкімет пен жергілікті органдардың экономикалық және әлеуметтік сфераларда қаржыны пайдалану жөніндегі басқа іс-қимылдарын қамтиды.

Фискалдық саясат дискредитциялық саясат ретінде, яғни ұлттық өндірістің нақты көлемін, жұмыс пен қамтылуды жұмыстылықты өзгерту, инфляцияны бақылау, экономикалық өсуді тездету мақсатымен мемлекеттің салықтарымен және шығыстарымен саналы айла-шарғы жасау ретінде жүргізіледі. Экономикалық криздің сипатына қарай ынталандырушы немесе тежеуші фискалдық саясат жүргізілуі мүмкін. Икемсіз дискредитциялық емес фискалдық саясат экономикалық криздің түрлі фазаларындағы - өрлеу немесе құлдырау фазаларындағы ұлттық өнім көлеміне теңбе-тең түрде мемлекет шығындарының және салық арудың тұраенуі ұғынылатын автоматты немесе әріксірме тұрақтандырылғыштың кіріксірме тұрақтылықтың іс-әрекетін қажет етеді.

Сондай-ақ бюджет тапшылығына қатысты фискалдық саясатты ажыратады.

1.2. Қаржы саясатының мазмұны мен міндеттері қаржы саясатының мақсаттары және қағидаттары

Экономикалық дағдарыстан шығу және одан әрі серпінді даму мемлекеттің сындарлы және негізгі саясаты арқылы болуы мүмкін. Жүргізіліп отырған қаржы саясатының басты субъектісі мемлекет болып табылады. Ол қоғамның ұзақ перспективаға арналған қаржысын дамытудың басты бағыттарының стратегиясын жасайды және алдағы кезеңде арналған міндеттерді, қаражаттарды және оған жетудің жолдарын анықтайды.

Мемлекеттің қаржы саясатының мазмұны экономикалық заңдардың іс-әрекетін ескере отырып және қоғамның даму міндеттеріне сәйкес қаржыны жоспарлы ұйымдастыру болып табылады. Қоғамдық дамудың әрбір кезеңінде қаржы саясатының өзіне тән белгілері болады, ол

экономиканың жай-күйін, қоғамның материалдық және мәдени өмірінің толғағы жеткен қажеттіліктерін және басқа факторларды ескере отырып, түрлі міндеттерді шешеді.

Мемлекеттің қаржы саясатының мазмұны айтарлықтай күрделі, өйткені ол шаралардың ауқымды кешенін, оны дәйекті жүзеге асыру стадияларын қамтиды, олар:

1. экономикалық заңдардың әрекеті, экономиканың жай-күйі, қоғамның әлеуметтік-экономикалық дамуының перспективалары негізінде елдегі қаржының ғылыми негізделген тұжырымдамасын әзірлеу;
2. экономикалық саясаттың тиісті мақсаттары мен міндеттерін негіздей отырып, қаржы саясатының стратегиялық және тактикалық шараларын тұжырымдау;
3. белгіленген іс-әрекеттерді қаржы механизмі арқылы экономикалық қайта құрудың түбегейліне қарай оны жаңғырта және түзете отырып іс жүзінде жүзеге асыру.

Осы негізгі үш бағыттың бірлігі қаржы саясатының мазмұнын анықтайды. Демек, экономикалық іс-әрекетін есепке ала отырып, қоғамды дамытудың міндеттеріне байланысты қаржыны ұйымдастыру мен пайдалану мемлекеттің қаржы саясатының мазмұны болып табылады.

Қазіргі кезеңде қаржы саясатының көмегімен шешілетін басты міндеттердің қатарына мыналарды жатқызуға болады:

А. елдің дамуының әрбір нақты кезеңінің ерекшеліктері негізінде қаржы ресурстарының неғұрлым мүмкін болатын көлемін жасаудың жағдайларын қамтамасыз ету;

Б. Қаржы ресурстарын қоғамдық өндірістің сфералары арасында, ұлттық шаруашылық секторлары арасында ұтымды бөлу және пайдалану, ресурстарды белгілі бір мақсаттарға бағыттау;

В. экономикалық дамудың белгіленген бағыттарын орындау үшін тиісті қаржы механизмін жасап, оны үнемді жетілдіріп отыру.

Сондықтан Қазақстан жағдайында қаржы саясатының міндеті экономиканы экономикалық өсудің траекториясына көшіру, ұлттық шаруашылықтың құрылымын одан әрі жетілдіру негізінде шаруашылық өмірді тұрақтандыру, кәсіпкерлік қызметті дамыту, мемлекеттік бөліктің үлесін оңтайландыра отырып, меншікті реформалау, сыртқы экономикалық қызметті ұлғайтып, жандандыру, әлеуметтік

бағдарламаларды қаржыландыру жөнінде шаралар жасап, оларды қаржы механизмі арқылы іске асыру болып табылады.

Елдегі жүргізіліп жатқан реформаларға сәйкес мемлекеттің қаржы саясаты мен қаржы жүйесінің қызметі нарық жағдайында қажетті қаржы ресурстарын жұмылдыруға, оларды бюджетке толық және дер кезінде түсіріп отыруға, әлеуметтік-экономикалық дамудың мемлекеттік бағдарламаларында қаралған шараларды үздіксіз қаржыландыруға және материал, еңбек және ақша ресурстарын мақсатты әрі ұтымды пайдалануға бақылауды күшейтуге бағытталған. Бұл мақсаттар Қазақстан Республикасының әлеуметтік және экономикалық дамуының, қоғамдық өмірдің барлық салаларын қайта құрудың стратегиясын қаржымен қамтамасыз ету қажеттігінен туындайды.

Қаржы саясатының мақсаты – қоғам дамуының аса маңызды қажеттіліктерін қанағаттандыруға қажет қаржы ресурстарын толық жұмылдыру. Осыған байланысты қаржы саясаты кәсіпкерлік қызметті жаңадандыра түсуге қолайлы жағдайлар жасауға шақырады. Мемлекет пайдасына кәсіпорындардың табысын алудың ұтымды нысандарын, сондай-ақ қаржы ресурстарын қалыптастыруға халықтың қатысу үлесін анықтауға көп көңіл бөлінеді. Қоғамдық өндіріс салалары арасында қаржы ресурстарын бөлу жолымен оларды пайдаланудың тиімділігін арттыруға, сондай-ақ оларды экономикалық және әлеуметтік дамудың басты бағыттарына шоғырландыруға үлкен маңыз беріледі.

Талудағы мақсат ретінде – мемлекеттік бюджет теңгерімділігіне жету және экономиканы тұрақтандырудың негізінде ұлттық шаруашылықтың қаржы жағдайын сауықтыру проблемасын шешу.

Қаржы саясатын жүзеге асырудың негізіне жалпы және жеке өзгеше қағидаттардың толып жатқан қатары қойылуы тиіс.

Қаржы саясатын жүргізгенде оның мына қағидаттарын жүзеге асырудың зор маңызы бар:

қолда бар нақты қаржы ресурстарын негіздей отырып, бюджеттерді жасау, бекіту және атқару кезінде қоғамдық өндірістің барлық қатысушыларының, әлеуметтік, ұлттық және кәсіби топтардың мүдделерін сақтау;

қаржы қатынастарының жоспарлы ұйымдастырылуын қамтамасыз ету;

қаржы жүйесінің барлық сфералары мен буындарында кірістер мен шығыстардың теңгерімділігі;

қаржы резервтерін жасау бюджет жүйесінде кірістердің шығыстардан және алаалық қаржыларда қаржы резервтерінің асып түсуі;

мемлекет пен шаруашылық жүргізуші субъектілердің арасында қаржы ресурстарын тиімді бөлу.

Қаржы саясатының тиімділігін қамтамасыз ететін жалпы қағидалар мыналар жатады:

- объективті экономикалық заңдардың іс-әрекетін есепке алу;
- нақты тарихи жағдайларды есепке алу;
- өткен жылдардың өзіндік тәжірибесін және дүниежүзілік тәжірибені есепке алу.

Және өзге де қағидалар мыналарды жатқызуға болады:

қоғамда қаржы жүйесінің ұтымды құрылымын, қаржы қатынастарын жоспарлы ұйымдастыруды және қаржы механизмінің дұрыс құрылуын қамтамасыз ету;

қаржы жүйесінің барлық салалары мен буындарындағы кірістер мен шығыстардың тепе-теңдігі;

бюджеттегі кірістердің шығыстардан асып үсетін қаржы резервтерін жасау;

салық жүйесін ұтымды құру арқылы экономикалық және әлеуметтік дамудың маңызды бағыттарына қаржы ресурстарын шоғырландыру;

негізгі қаржы ресурстарын мемлекет қарамағына жұмылдыру, оларды мемлекет пен шаруашылық жүргізуші субъектілер арасында тиімді бөлу;

қаржы және кредит-ақша саясатының тепе-теңдігі.

Қаржы теориясында Кейнстің қағидалары үлкен рөл атқарады. Оның қаржы қағидалары келесі жағдайлардан тұрады

1. Реттеу – мемлекет экономиканы бар күшімен реттеу керек. Негізгі құралы бюджеттік саясатты ұстады
2. Ұдайы - өндіріс ресурстарының ұсыныс тарапынан емес, сұраныс жағынан қарастыру керек.
3. Қаржы саясатын экономикалық саясаттың ажырамас бөлігі ретінде қарастыру керек
4. Мемлекеттік шығындардың өсуі жұмыссыздықтың жоюуына әкеледі. Соның нәтижесінде мемлекеттік бюджеттің түсімдерінде жоғарылайды.

1940-1970 жылдар аралығында барлық дамыған мемлекеттер Кейнстің тұжырымын енгізді. Бірақ сол жылдарының . Сондықтан Кейнстің заңдары жоққа шығарылды. А. Смиттің, М. Фридманның тұжырымдары енгізілді.

Кейнстің мектебі 2 бағытта дамыды.

1. Бағытты ұстаушылар Жаңа классикалық теорияны қалыптастырды.
2. Кейінгі теориясындағы кемшіліктер және қайшылықтар консерваторлық теорияны қалады

Консерваторлық теорияда салықтарға ерекше көңіл бөлінеді. Мектеп өкілдерінің пікірінше салық саясаты ұзақ мерзімді жоспарда экономикалық өсуді ынталандыруға бағыттауы тиіс. Сөйтіп Лаффердің салық қағидасы пайда болды.

Салықтар саласындағы фискалық саясат олардың ықпал етуінің екі бағытын қарастырады: сұранымға (кейінгі үлгі), ұсынымға (ұсыным теориясы). Бірінші жағдайда салықтар төмендеген кезде жиынтық сұранымы артады. Бұл ұлттық өнімнің көлемін және бағалардың деңгейін көбейтеді, яғни инфляцияның қарқыны тездейді.

Екінші, жағдайда салықтардың төмендеуі жиынтық ұсынымды көбейтеді, өйткені халықтардың табыстары мен жинақ ақшалары, ал кәсіпкерлердің өндірісті инвестициялауы өседі. Қызметкерлердің аз табыс салығы жалақыны көбейтіп, еңбекке деген ынталандырымаларды күшейтеді, жұмыс өзі өндірістің ұлғаюына жеткізеді, бұл ұлттық өнімнің өсуін, бағалардың төмендеуін білдіреді.

Салықтардың инвестициялық қызметке ықпал етуінің теориялық дәлелдемесі ретінде америкалық оқымыстылары – “ұсыным экономикасының” өкілдері А.Лаффер және басқалары әзірлеген салық салудың үдемелілігімен бюджет кірістері арасындағы тәуелділік қызмет атқарады.

Лаффердің ойы бойынша, бюджетке салық түрінде кәсіпкерлер мен халықтың табыстарының бүкіл сомасының 30%-ынан артық алуға болмайды. Егер табыстың 40-50% алынатын болса, онда бұл жинақ ақшаны, сонымен бірге экономиканың жеке секторындағы инвестицияны да қысқартады.


Америкалық ғалымдарының пікірлері бойынша, егер салықтардың мөлшерлемесі бойынша белгілі бір, айтарлықтай жоғары деңгейге жететін болса, онда өндірісті ұлғайтуға, кәсіпкерлік бастамаға арналған ынталандырымалар қысқарады, пайда азаяды және тиісінше, бюджетке түсетін салық түсімдері төмендейді.

Сөйтіп, қисық сызық салықтар мөлшерлемелерінің шамасы мен олардың есебінен мемлекеттік бюджетке қаражаттардың түсуі арасындағы өзара байланысты қалтып көрсетеді. Салықтың мөлшерлемесі артқан кезде мемлекеттің кірістері салықтар есебінен

алғашқыда көбейеді. Егер салық мөлшерлемесі бір шекарадан – T нүктесінен асып кетсе, онда салық түсімдерінен түсетін кірістер азая бастайды. Жоғары салықтар өндірістің ынталандырмаларын төмендетеді және олардың есебінен мемлекеттің кірістерін азайтады және керісінше. Салықтардың төмендеуі мұндай жағдайда мемлекет қаржысының жай-күйін жақсартады.

Лаффердің қисық сызығына сәйкес салықтық түсімдер тым жоғары мөлшерлеме кезінде T нүктесінде, және тым төмен мөлшерлеме кезінде T нүктесінде бірдей болады. Бірақ, егер T нүктесінде салықтардың мөлшерлемесі сұранымды ынталандырмайтын болса, онда T нүктесінде салықтардың мөлшерлемесі өндірісті ұлғайтуды және ұлттық табысты көбейтуді ынталандыра отырып, жұмысқа, жинақ, ақшаға және инвестицияға ынталандырмалар жасайды.

Лаффердің қисық сызығы




Жеке табыс салығын салу, фискалдық мағынасынан басқа, маңызды әлеуметтік функция орындайды – қалықтың түрлі әлеуметтік топтарының табыстарын теңестіруді қамтамасыз етеді. Нақ осы функцияны әлеуметтік бағдарламалар бойынша бюджеттік шығыстар да орындайды, соның нәтижесінде табыстары төмен адамдар табыстары жоғарырақ топқа ауысады, сөйтіп әлеуметтік теңсіздік біршама қысқарады.

Бұл жағдаятты Лоренцтің қисық сызығы сипаттайды. Денгейлес білікте отбасыларының пайызы, ал сатылықта табыс пайызы салынған. Биссектриса сызбада табыстардағы абсолюттік теңдікті, Лоренцтің сызығы теңсіздікті, бірақ қисық сызық 1 салықты төленгенге дейінгі, қисық сызық 2 оларды төленгеннен кейінгі, ал қисық сызық 3 мемлекеттік бюджеттен төленетін трансферттік төлеуден кейінгіні қамтып көрсетеді. f нүктесі абсолюттік теңсіздіктің жағдайын білдіреді. Сызбаның штрихталынған бөлігі салықтарды төленгеннен кейінгі табыстардың және мемлекеттік бюджеттен төленетін трансферттік төлемдердің теңсіздік дәрежесін қамтып көрсетеді.

Мөлшерлемелердің шамасымен және тиісінше салықтық алымдардың шамасымен байланысты болатын салықтық реттеудің маңызды аспектісі ішкі қорланымдарды ұстаудың және шетелдік инвестицияларды тартудың мүмкіндігі болып табылады. Жоғары салықтар капиталдарды қолданудан алынатын табыстарға салықтардың аз мөлшерлемелерімен салық салынуы мүмкін, неғұрлым жайлы салық климаты бар елдерге капиталдардың бөлінуін тудырады.

Бұл факторға сондай-ақ салық салу деңгейі төмен немесе тіпті ол болмайтын “оффшорлық аймақтардың” бар болуы жағдай жасайды. Басқа жағынан, жоғары салық мөлшерлемелері елге шетелдік капиталдың деңдеп енуіне кедергі жасайды, мұның өзі ішкі қорланымдардың жетіспеуі кезінде экономиканың дамуын тежейді.



100%

Отбасыларының пайызы

13. Қаржы саясатының негізгі формалары

1. Салық бюджет саясаты (фискалды)
2. Мониторлық саясат (ақша-несие)

Бұл формалары бойынша әр түрлі экономистердің пікірлері сәйкес келмейді. Кейбір экономистер қаржы теориясын тек фискалды саясаты деп, ал ақша теориясын мониторлық саясаттың нәтижелері тек мемлекеттегі ақша заңдылықтарына әсер етіп қана қоймай сонымен қатар басқа да экономиканың әлеуметтік жағдайының мақсаттарына әкеледі.

Фискалды саясат бұл – мемлекеттік түсімдер, шығындар арқылы экономиканы реттеу мақсатындағы шаралар жиынтығы.

Фискалды саясаттың 2 бағыты бар:

1. Үнталандырушы фискалды саясат
2. Шектеуші фискалды саясат.

Құралдары:

Үнталандырушы фискалды фискалды саясат	1. Салықтың кедендік ставкалары 2. Мемлекеттік жәрдем ақылар 3. Субсидиялар 4. Салықтық жеңілдіктер	Шектеуші саясат
--	--	--------------------

Тікелей қаржылық реттеудің процесін жүргізе отырып, ұлттық табыстарға кәсіпорындардың, аймақтардың үлесін көбейту немесе азайту арқылы мемлекет олардың дамуын көтермелеп немесе шектеп отырады. Бюджеттік қаржына аса зерек өндірістік емес сфераның жай-

күйі де осындай тәртіппен реттеледі. Құлдырау кезінде ынталандырушы фискалдық саясат жүргізіледі, ол мыналарды қарастырады:

- 1) мемлекет шығыстарының көбеюі;
- 2) салықтардың төмендеуі;
- 3) мемлекеттің шығыстары артуының үлкен нәтижесін ескере отырып фискалдық саясаттың бұл бағыттарының үйлесуі.


Тежеушілік фискалдық саясат бюджет артығына жетуге бағдарлануы тиіс.

Артық сұраныммен және инфляция бойынша тежеушілік фискалдық саясат кері бағыттарды қамтиды:

- 1) мемлекет шығыстарының азаюы;
- 2) салықтардың көбеюі;
- 3) бұл бағыттардың үйлесуі.

Дискрециялық емес фискалдық саясат акценті нарықтық зін-өзі реттеуге қоя отырып, мемлекеттің қаржы процестеріне аз араласуын қажет етеді.

Дискрециялық емес фискалдық саясат автоматты, яғни нәтижесіне тұрақтандырығыштардың механизмі негізінде іс-әрекет етеді. Бұл жағдайда экономикалық циклдің түрлі фазаларында салық альымдарының сомасы ұлттық өнімнің мөлшеріне тепе-тең түрінде түрленеді: өрлеу кезінде сұранымды шектей отырып, салық түсімдері өседі және автоматты түрде экономикалық өсуді тежейді, құлдырау кезінде керісінше, ұлттық өндірістің азаюын жеңілдеті отырып, салық түсімдері төмендейді.



16

Автоматты тұрақтандырығыштардың іс-әрекетінің маңызды ерекшелігі бюджет тапшылықтары мен артығын реттеу болып табылады: бюджет тапшылығы өрлеу фазасында қысқарады, онан кейін жоғалады және

бюджет артығы пайда болады, бұл инфляцияны тежеуге жәрдемдеседі, өйткені ұлттық өнімнің жоғары деңгейі инфляциямен жалғасады; құлдырау фазасында құлдырауды жоюға ынталандыратын бюджет тапшылығы біртіндеп өсе бастайды.

Мониторлық саясат бұл – ақша айналысының, қарыз капиталының, қолма қолсыз есеп айырысудың көрсеткіштері арқылы шаруашылық қандықтар аны реттеу мақсатындағы шаралар жиынтығы.

Құралдары:

Қымбат ақша саясаты немесе рестрикция экспансия саясаты	1. Ұлттық Банктің есеп ставкасы	Арзан ақша немесе саясаты
	2. Резервтің нормалары ақшалар	
	3. Ашық нарықтағы операциялар	

Қазақстан республикасының фискалды саясатын жүргізу органы – Қаржы министрілігі.

Мониторлық саясатты жүргізу органы – Ұлттық Банк.

II тарау Экономикалық өсу процесіндегі мемлекеттің қаржы саясатының жағдайы.

2.1 Мемлекеттің қаржы саясатының әлеуметтік жағдайға әсері

Елдің әлеуметтік жағдайын жақсарту мақсатында қолданылған экономикалық саясаты макроэкономикалық зерттеудің негізгі бөлігі болып табылады. Экономикалық саясат ретінде қарастырылатын қаржы инструменттері салық салу немесе ақша эмиссиясы, басқаша айтқанда ақша басып шығару тәсілі. Яғни, аталмыш қаржы инструменттерінің мемлекеттің негізгі макроэкономикалық көрсеткіштеріне әсерін анықтау маңызды. Атап айтқанда капитал ағымының, жұмыс орындарының, сондай-ақ өндірістің артуына монетарлық (ақша шығару) және фискалды саясаттың (салық салу) қаншалықты әсер етеді? Қазақстанның қазіргі экономикалық жағдайында осы екі саясаттың қайсысы қоғамға зиян-зардаптары анағұрлым аз болады? Зерттеуді бастамас бұрын бұл мәселе жөнінде жасалған еңбектерді қысқаша шолу жасаған жөн. Эмпирикалық зерттеулер бойынша екі инструменттің де зиян-зардап келтіретін жағдайлар қарастырылады. Есептеулер негізінде Қазақстандағы мәліметтер жасалған теорияларға сәйкес келеді, басқаша айтқанда егер инфляция мөлшері 12%-ден 10%-ке азайтын қоғамдағы ЖҰӨ-нің көлемі 0,22%-артады, ал осының нәтижесінде азайған мемлекеттің бюджеттік кірісі ЖҰӨ артуына байланысты салықтың да өсу салдарынан компенсацияланады.

Мәселеге байланысты жазылған еңбектердің басым бөлігі инфляция шығыны төңірегінде қозғалған. Атап айтқанда Дж. Дрифилдтың «Монетарлық экономика анатомиясы», сондай-ақ Лукастың «Эконометрика» деп аталатын еңбектерінде инфляция шығыны және оның екі жақты әсері талқыланған. Лукас Бэйлидің жасаған теориясын растай отырып, инфляцияның нәтижесінде тұтынушы зиянын ақша сұранысы функциясы негізінде анықтауға болады. Лукас бірқалыпты даму моделі және Американың статистикалық мәліметтер негізінде номиналды проценттік ставкаларды 14%-тен 3%-ке азайтқанда нақты табыс тек 0,1%-тен аз мөлшерде артаыны дәлелдеген; сондай-ақ салық салудың аз мөлшерде ғана проценттік ставкалардың оптималды деңгейі 0-ге жуық сан екенін дәлелдеген. Қорытындылай келе, Құрама Штаттары үшін монетарлық саясаттың анағұрлым қолайлы деген тұжырымға келеді. Россиядағы жасалған еңбектер өзгеше нәтижелер берді. Мысалы, инфляцияның ЖҰӨ-мен 1992-1996 жылдар мәліметтері бойынша пропорционалды корреляциясы бар екені дәлелденген, яғни инфляция қарқынының бәсеңдеуі салықтың бірқалыпты болу жағдайында ақша

массасының азаюуына және өндірістің кемюіне себеп болған. Кейінгі жылдары инфляцияның зияны анағұрлым жоғары екені көрсетілген.

Біздің де есептеулер бойынша инфляцияның зияны салық салуға қарағанда анағұрлым жоғары екені анықталды. Қаржы саясатының экономикаға әсері мәселесі бұрыннан пайда болған. Тобинның тұжырымы бойынша тұтынушы инфляциядан қорғану үшін капиталға салым жасауға, басқаша инвестициялауға ұмтылады. Кейінгі экономистер арасында салықтың және инфляцияның капитал немесе инвестицияның көлеміне әсері жөнінде тартыстар басталған. Олардың келген қорытындалары бойынша инфляцияның өсуі ұзақмерзімді жоспарда капитал құнының төмендеуіне әсер етеді. Экономиканың өтпелі кезеңінде инфляцияның капитал өсіміне әсері Фишердың еңбегінде зерттелген. Осы зерттеу бойынша ақша ұсынысы (инфляция) жоғары болған сайын капитал аккумуляциясы немесе инвестициялар да артады. Бұл мәселе Турноувидің жұмыстарында етпей-тегідей қарастырылған. Біздің еңбегімізде осы саясаттың тек салыстырмалы түрде эффективділігі, сондай-ақ әрқайсысының қоғамға зиянын анықтауға тырысалмыз.

Мемлекет экономикалық жағдайды реттеу және бақылау мақсатында мынадай салық түрлерін қолданылады: тұтынушыдан алынатын табыс және инфляция салығы, қосылған құнға салық, сонымен қатар кез-келген пайда көзіне салынатын салық. Салықтың салынғаннан кейін мемлекет қоғам тауарларының көлемін белгілейді. Бұл жерде қаржылық саясаттың кері әсерінің мәні өндіруші, тұтынушы және мемлекет пайдасынан қалыптасады. Экономикада зиянды қалыптастыратын салық және инфляция әсерін талдауға болады. Сонымен қатар капитал жұмыс күші, өндіріс көлемі, нақты ақша мөлшері бірқалыпты немесе тұрақты болған жағдайда екі саясатты қарастыру қажет. Төменде келтірілген 1-ші кесте бойынша фискалды және монетарлы саясат параметрлерінің туынды белгілері көрсетілген. Осы есептеу негізінде өндіріс функциясы неғұрлым аз болған сайын қоғамның пайдасы да соғұрлым артады. Сондай-ақ осы жерден өте маңызды қорытындына келуге болады: салық және ақша шығару эффективділігі бюджет табысы және қоғам зиян-зардаптары тұрғысынан қарастырғанда пайдаға салық тиімді. Басқаша айтқанда пайдаға салынатын салық еш зиян келтірмейді және ең эффективті қаржы инструменті болып табылады. Басқа салықтарға келетін болсақ, Қазақстанның мәліметтеріне сүйене отырып мынадай қорытындына келуге болады: қазіргі Қазақстанның белгілі инфляция

мөлшерінде салық салу (табыс салығы және қосылған құнға салық) ақша эмиссиясына қарағанда әлде-қайда тиімді болып табылады.

Мақалада s, l, m, k, e және Π адам басына шаққандағы көрсеткіштер қолданылған. Атап айтқанда, s - нақты тұтыну, l - жұмыс күші, m - нақты ақша массасы, k - капитал мөлшері, e - басқа да сыртқы экономикалық көрсеткіштер, Π - нақты табыс немесе пайда, δ - капитал құнсыздану мөлшері. Берілген негізгі функция $F(k, l, g)$ және мемлекеттің белгіленген салық ставкалары α, β, τ арқылы белгілейміз. Сонымен қатар нақты ақша мен номиналды ақшаның (m) массаларының қатынасы η және тұтынушылар үшін қоғам құндылықтарының бағасы q_c , ал өндірушілер бағасы g_p .

Кесте 1. Мемлекеттік саясаттың туынды белгілері ($r > 0, s > 0$)

x	x	x	x
K	< 0	< 0	0
L	< 0	< 0	0
M	< 0	< 0	0
C	-	-	0
ω	≥ 0	< 0	0
$F - \delta k$	< 0	< 0	0
G	-	-	≥ 0
E	> 0	> 0	0

Өндірушілер бағасын кейде көтерме сауда бағасы, ал тұтынушы бағасын жеке сату бағасы деп атайды. Мемлекетке және бюджетке байланысты барлық көрсеткіштерді атағаннан кейін қоғамның шығындарын төменде келтірілген формуламен анықтауға болады:

$$g^s = \tau[\omega l^s + \eta_k k^s + (1 - \alpha)\Pi - q_l g_c] + \beta[F(k^d, l^d, g_p) - \delta k^d] + \alpha\Pi + \eta m^s + q_c g_c + q_p g_p$$

Осыған байланысты Қазақстанның мәліметтеріне негіздеп отырып, мынадай көрсеткіштерге есептеулер жасауға болады:

α - пайдаға салынатын салық мөлшері немесе ставкасы;

β - қосылған құнға салық мөлшері;

τ - табысқа салық мөлшері;

π - инфляция мөлшері (2000-2001 мәліметі).

Қазақстандағы проценттік ставкалардың мөлшері бұл жұмыста қарастырмаймыз, себебі оған үшін жаңа мәселелерді қозғау керек болады. Мысалы, мемлекеттік қарына билеттерінің пайыздық мөлшерлемесі 9% құрайды. Басқаша айтқанда нақты проценттік ставкасы-3% тең деген сөз. Алайда көптеген құнды қағаз қорларының проценттік ставкасы 30% құраған. Сондықтан мемлекет бойынша тек бір проценттік ставка ретінде Қазақстан Ұлттық банктің проценттік ставкасы жұмыспен 18% құрайтыны белгілі.

ЖҰӨ-нің көрсеткішін негізге алғаннан кейін мынадай мәліметтерге ие боламыз: $k=2.499$, $c=0.497$, $w=0.450$, $m=0.146$.

Өндіріс функциясы үшін берілген параметрлер болса $x_1=0.797$, $x_2=0.408$, $x_3=0.368$

Өндіріс функциясының өзгеруінде жұмыс күшінің үлесі 0,408 ал капиталдың үлесі болса 0,368 құрайды сондықтан да өндіріс функциясы гомогенді емес деуге болады, себебі өнімнің өсу көрсеткіші және осының негізінде жұмыс күшінің өсуі нольге тең деп алуға болады. Сонымен осы мәліметтер негізінде біз бастапқыда жасаған тұжырымының дәлелін келтіруге болады. Себебі

20

мәліметтер негізінде инфляция өндіріс көлемі, бюджет табысы және сенсоражға әсері маңызды емес, сондай бола тұрып ақша массасы инфляция нәтижесінде едәуір артқан.

Келесі кестелердің мәліметтері негізінде жалпы экономикадағы көрсеткіштердің инфляция мен салық ставкаларының өзгерісіне тәуелділігі сипатталады. Экономиканың жалпы жағдайын сипаттайтын енгізілген параметр алынған, соның ішінде ұлттық өнім, яғни елдің өндіру көлемі; ақша массасы; ақша базасы, сондай-ақ тұтыну және көтерме сауда бағалары.

Берілген кестелерде инфляцияның көлемі, бюджет кірісінің және сенсораждың артуына үлесі аз, дегенмен ақша базасының өзгеруіне әсері үлкен мәні оң және инфляцияның артуына қарама-қайшы төмендеп отырады. Үшінші кестеде көрсетілгендей салық ставкаларының инфляциямен салыстырғанда экономикаға әсері оңтайлы деуге болады. Аталмыш жағдайда өндіріс көлемі, ақша балансы және маржиналды бюджет кірістері төмендейді. Сонымен қатар, бюджет кірісі және маржиналды түрде зиян арта бастайды. Демек Қазақстан

экономикасындағы қаржы талсатының әсерін Лаффер сызығымен түсіндіруден алыспыз деген мағынаға келеді

Кесте 2. Инфляцияның экономикалық параметрлерге әсері

	10	11	12	13	14	15	16
Y	0,774	0,774	0,774	0,775	0,775	0,775	0,775
m	0,166	0,155	0,146	0,138	0,131	0,124	0,118
g	0,277	0,278	0,278	0,278	0,279	0,279	0,279
E_n	0,144	0,139	0,133	0,128	0,123	0,119	
M_n							
S_n	10,02	13,48	19,05	29,48	56,1	266,7	
Сенсораж		0,01	0,007	0,0043	0,0022	0,0004	-0,000
	0,017	0,017	0,018	0,018	0,018	0,019	

Кесте 3. Салықтың экономикалық параметрлерге әсері

	22	25	28	30	32	36
Y	0,785	0,781	0,776	0,772	0,769	0,761
m	0,158	0,153	0,147	0,144	0,14	0,133
g	0,229	0,251	0,273	0,288	0,303	0,333
E_e	0,224	0,254	0,268	0,309	0,334	0,391
M_e						
S_e	0,485	0,598	0,749	0,881	1,501	1,596
	0,463	0,424	0,328	0,351	0,318	0,254

Сонымен біздің жасаған негізгі қорытындаларымыз келесі тұрғыда:

-бюджетті толтыру мақсатында мемлекет қоғамға зиян келтірмейтін пайдаға салық салу жолын таңдау керек, одан кейін біршама қосылған құнға салық және инфляциялық салық қолдану қажет;

-қоғамға өз ролінде инфляцияның төмендеуінен пайдалана алады, салық мөлшерінің өсуі және әлеуметтік төлемдердің артуынан аз бюджеттерін толтырады

2.2. Экономикалық өсу процесіндегі фискалды салықтық қатынастардың аспектілері.

Қоғамның экономикалық процесіндегі фискалды салықтың экономикалық мәні мен ролі бюджетке келіп түсетін экономика субъектілерінің міндетті ақшалай төлемдеріне сапалы сипаттама беруге, жалпы ішкі өнім мен ұлттық табысы орталықтандырылған қаржыны бөлудің құрамдас бөлігі ретінде салық салуды ұйымдастырудың әдістемелік негізін анықтауға, практикада жинақ пен инвестицияны, өндіріс пен тұтынуды мемлекеттік реттеудің салықтық құралдар жүйесінің өзара байланысын өңдеуіне мүлкіндік береді.


Фискалды салық – үкіметтің халықты жұмыспен қамтамасыз ету мен инфляцияға қарсы жалпы ұлттық өнім алуына бағытталған салық салу, мемлекеттік бюджет, мемлекеттік шығындар туралы салық.

Практикада мемлекеттік сатып алу мен салық деңгейі, үкімет сәйкесінше шешімдерді қабылдамаған жағдайда да өзгеруі мүмкін. Мұны Дж. М. Кейнс автоматты фискалды салықты анықтайтын кіріктіріме тұрақтылықтың барымен түсіндіреді. Кіріктіріме тұрақтылық өзін-өзі реттеу режимінде әрекет ететін және экономикалық жағдайдың өзгерістеріне автоматты түрде икемделетін механизмдерге негізделген. Индустриалды елдерде тұрақтандырылған ретінде салық салудың прогрессивті жүйесі, мемлекет трансферттерінің жүйесі атап айтқанда жұмыссыздық бойынша қамсыздандыру мен пайдаға қатысу жүйелері саналады.

Жұмыссыздық пен әлеуметтік төлемдер бойынша жәрдемақы жүйесі автоматты түрде циклеге қарсы әсерін тигізеді. Мәселен, жұмыспен қамтылу деңгейінің артуы, салықтың өсуіне әкеледі, ал бұлардың есебінен жұмыссыздарға берілетін жәрдем ақы тіркеледі. Экономика заңдылығына байланысты өндірістің құлдырау кезінде жұмыссыздар саны артады, ал ол жыйынтық сұранысты төмендетеді. Бірақта мұнымен бірге жұмыссыздарға берілетін жәрдемақы төлемдерінің сомасы да артады. Мұндай процесс тұтынуды қолдайды, сұраныстың төмендеуіне баулатады және дағдарыстың артуына кері әсерін тигізеді. Сонымен қатар, мұндай автоматты режимде әлеуметтік төлемдер, табысты индекстеу жүйелері де қолданылады.

Жоғарыда айтылған кейнсиандық теорияның көзқарасын қорыта келе фискалды салықтың мәніне былайынан сипаттама беруге болады: Фискалды дамудың мәні экономиканың тұрақты дамуын, жұмыспен қамтуды арттыруды

және инфляцияны төмендетуді қамтамасыз ету мақсатында жиынтық сұранысты салықтармен, трансферттермен және үкіметтің сатып алуын айла-шарғылап басқаруынан тұрады.



Сурет 1- Салық салу тұжырымдамасы

Фискалдык саясат шын артылатын өнім көлемі мен табыстың деңгейіне әсер етеді және экономиканы тұрақтандыру үшін де қолданылады. Бірақ та американдық экономистердің көзқарастары бойынша фискалдык саясат ЖІӨ деңгейін толық тұрақтандыра алмайды, себебі салық ставкалары немесе шығын деңгейіне қандай өзгерістер енгізу қажеттілігінің айқынсызданында және бұл өзгерістердің бәрі ЖІӨ-ге әсерін, тек арада белгілі бір уақыт өткеннен кейін ғана көрсетеді.

Қазіргі жағдайдағы фискалдык саясат мемлекеттің қаржы ресурстарын пайдаланудың негізгі бағыттарын, қаржыландыру әдістерінің және қазынаны толтырудың негізгі көздерін анықтайды.

2.3. Мемлекеттің орталық фискалдык жүйесі ұлттық экономикадағы дамытудың негізгі ретінде.


Бүгінгі күн Қазақстан Республикасының салық жүйесін нығайту және реформалау кезеңі болып табылады. Тікелей салықтарды төлеу барысында мемлекет пен салық төлеушілер тікелей байланысқа түсетіндіктен және жергілікті бюджеттің негізін осы салықтар құратындықтан, салық жүйесіндегі осылардың алатын ролі зор. Тікелей салықтардың құрамына: әлеуметтік салықтар, және тұлғалардың табысына салынатын салықтар және т.б. жатады.

Қазақстанда барлық әрекет ететін салықтардың ішіндегі ең жасы болып - әлеуметтік салық есептеледі. Біздің елімізде бұл салық 1999 жылдан бастап, соған дейінгі әрекет еткен сақтандыру жарналарының мынадай әлеуметтік, яғни зейнетақының, мемлекеттің әлеуметтік сақтандырудың, міндетті медициналық сақтандырудың, халықты жұмыспен қамту қорларының орнына қабылданған.

$$\text{ҰТ} = V + T$$

$$\text{ҰТ} = M + Ж$$

ҰТ
Ұлттық табыс



1. –материалдық өндіріспен айналыстың халықтың табысы;
2. –қоғамдық сектордағы халықтың салығы;
3. –кәсіпорының табыс салығы;
4. –қоғамдық қор шығыны;
5. –кәсіпорын мен инвестицияны бюджеттен қаржыландыру;
6. –ерекше салықтар.

Сурет 2 – Мемлекеттің Фискалдық саясаты

Осы салықтың алғашқы сомалық ставкасы еңбек ақы қорының 28 құраса, кейіннен ол 21 –ға дейін төмендетіледі Мемлекеттік бюджет кірісінің құрамындағы бұл салықтың үлес салмағы 2001-ші жылдың мәліметтері бойынша 17-ды, ал қазіргі уақытта жергілікті бюджеттердің шамамен 58-ын құрайды кесте 1. Кесте 1 – 1999-2002 жылдар аралығындағы Қарағанды облыстық бюджетінің кіріс бөлігінің құрамы мен құрылымы.

(млнң тг)

Кіріс аттары	1999		2000		2001		2002	
	Нақты орын дал	Үлес салм	Нақты орын дал	Үлес сал м	Нақты орын дал	Үлес салм	Нақты орын дал	Үлес салм
Заңды тұлғ. Табыс салығы	1724715	10,4	1034809	37,5	9015497	29,0	106875	4,5
Жеке тұлғ. Табыс салығы	2767360	16,7	3903956	14,1	4618768	14,9	569234	23,38

Кәсіпкер. қызмет табыс салыны	375171	2,3	452825	1,6	317063	1,0	142227 71	-
Әлеумет. Салық	8431261	50,8	9659526	35,0	1365459 3	44,6	142227 71	58,4
Мүлік салыны	1645142	9,9	1633985	5,9	1539671	5,0	191465 7	7,9
Жер салыны	309103	1,8	347616	1,3	384386	1,2	400703	1,6
Көлік құралдар. салыны	414667	2,5	557110	2,0	619222	2,0	439361	1,8
Ақшндер	87842	0,5	166813	0,6	240064	0,85	471509	1,9
Ортақ жер салыны		0,002	11667	0,04	17134	0,05	17039	0,07
Басқа да салықтар	845423, 9	5,1	1225	1,96	419056	1,4	119522	0,5
Салық түсімдер	1657694 0	100	2758000 7	100	3102595 4	100	243666 65	100
Ескерту – Қарағанды обл. Қаржы басқарудың есебі негізінде есептелген								

Әлеуметтік салықты төлеушілер болып, жеке кәсіпкерлер, жеке меншікті нотариустар, адвокаттар, заңды тұлғалар саналады.

Кестеден көріп отырғандай, әлеуметтік салықтың артып отыруына ай сайынны жұмысшылардың еңбек ақысының артуы салыстру үшін: 2000ж. –қаңтарда 15293 теңге, желтоқсанда –17616 теңге; 2001ж. –қаңтарда 18785 теңге; желтоқсанда – 30024 теңге; 2002ж. қаңтарда -24192 теңге, қыркүйекте -27678 теңге әсер етті.

Әлеуметтік салықты енгізу, бюджеттің кіріс бөлігінде әлеуметтік бағдарламаларды қалыптастыру үшін қажет болды. Осы салықты енгізген азғана уақыт ішінде салық ставкасына, өндіріп алу базасына және есеп беруіне, бірнеше өзгерістер мен толықтырулар енгізілді.

Алғашқы кезде әлеуметтік салықтардың басқа салықтардан ерекшелігі болып, оның бастапқы салық салу объектісінің қаржыландыру кезіне қарамастан, сәйкес салықтарды ұстауға дейінгі еңбек ақы қоры есептеледі. Ал салық төлеушілер болып, жұмысты ұсынушы – ұйымдар саналады. Олар бекітілген ставка бойынша, материалдық және

әлеуметтік жеңілдік ретінде ақшалай және натуралды формада есептеліп жұмысшыларға төленеді. Қазақстанда салық төлеудің екі түрі бар. Бірі: еңбек ақына әлеуметтік салықты есептеу болса, екіншісі – жұмысшылардың жалақысынан табыс салығын ұстап қалу. Қазіргі жағдайдағы осы салықтың заңды тұлғалар үшін салық салу объектісі болып, жұмысты ұсынудың жұмысшылар санына байланысты материалдық, әлеуметтік иіліктері немесе басқа да материалдық пайдасы ретінде, ақшалай және натуралды формада төлейтін табысы есептеледі.

Еліміздің салық жүйесінде алып отырған әлеуметтік салық, компания иелерінің өз қызметтерінің жалақы мөлшерін көбейтуін ынталандырудың орнына, керісінше бұл салықтан қалай құтылуды ойластыруда. Қазіргі таңда кәсіпорындарда қызмет атқаратын жеке тұлғалардың жалақысына екі түрлі табыс салығы және әлеуметтік салық салынады. Мәселенің жайына жалақыны төлейтін заңды тұлғалар жағынан қарайтын болсақ, онда жалақыны үйлестіру барысында, кәсіпорындардың қосымша қаржыға шығындалуын байқаймыз. Жалақы қоры неғұрлым көбірек сайын, кәсіпорындар әлеуметтік салықты соғұрлым көп төлейді. Бұл кәсіпорындар иелері жұмысшылардың еңбек ақысын көтеруге мүдделі еместігін көрсетеді. Кәсіпорындар жалақы көлемін көбейткен күннің өзінде, әр түрлі жолдармен нақты жалақы мөлшерін көтеру және ол үшін кәсіпорындарды ынталандыру жолдары қарастырылууда.

Осы жердегі мәселе, әлеуметтік салық ставкасының жоғарылығында ғана емес, сонымен қатар бұл салық салынатын базада да болып отыр. Дамыған мемлекеттердегі әлеуметтік салықтың ставкасы 4-12 аралығында болып, оны тек компаниялардың өздері ғана емес, жалақы алушылармен бөлісіп төлейді. Мәселен Ұлыбританияда жұмыс істеушілер әлеуметтік салықты мынадай ставкамен төлейді. кесте2.

Апталық табыс	Ставка, пайыз
66 фунтқа дейін	0
66-дан 500 фунтқа дейін	10
Мемлекеттік зейнетақы жүйесіне қатысушы тұлғалар	8,4

серту – Тютюрюков Н.Н. Налоговые системы зарубежных стран: Европа и США: Учебное. Москва, 2002

Қазақстанның жалақы алушы азаматтары әлеуметтік салықтың ауыртпалығынан құтылғандымен, жалақы төлеуші компанияларға үлкен ауыртпалық жүктеліп отыр. Себебі жылдық жалпы жалақы қоры орташа есеппен алғанда компаниялар пайдасының 40-70 құрайды, ал бұған дейін әлеуметтік салық ставкасы 26-ды құраған болса, кәсіпорындар өз пайдасының 18-на дейінгі мөлшерін мемлекетке әлеуметтік салық түрінде төлеуге мәжбүр болған.

Осыған байланысты Елбасы өзінің халыққа үндеуінде, Тәуелсіздік бастауында ұзақ мерзімдік стратегия мен он жылдық жоспардың ойдағыдай жүзеге асырылып жатқанын хабарлай келіп, келесі, 2004 жылы жоғары билік органдары жүргізетін іргелі саясат пен халық тұрмысын жақсартудың мәдениет, білім және жалпы руханият салаларын дәйекті түрде дамытудың негізгі бағыттарын саралап, баяндап берді.

Солардың ішіндегі ең өзекті мәселе ретінде еліміздің әлеуметтік-экономикалық жағдайын жедел қарқынмен еселеп арттыру мақсатындағы әлеуметтік салық пен жеке тұлғалардың табыс салықтарының ставкасы жалақы деңгейіне байланысты сараланған кемімелі ставканы 2004 жылдың 1-ші қаңтарынан бастап, әлеуметтік салық 20-ға, жеке табыс салығы 20-5-ға дейін төмендетуді және жалақының ең төменгі мөлшерін (6600 теңге) және табыс салығынан мүлдем боосату мәселелері өңделуде.

Қазіргі әрекет етіп отырған тәртіп бойынша, жұмысты ұсыншылар 21 мөлшерінде әлеуметтік салық, сондай-ақ әрбір жұмысшы 30 жеке табыс салығы және Зейнетақы қорына 10 аударып отыру қажет. Демек ай сайынға салық ставкасының максималды жиынтығы 61 құраса, онда қазынаға қанша ақша келіп түсуі қажет екенін есептейік. Статистиктің мәліметтері бойынша республикада-6,7 млн. Адам жұмысқа қабілетті екен. Ал 2002жылы орташа еңбек ақы мөлшері шамамен-27678 теңге құрайды. Еңбек ақы қоры-142992 млн. теңгеге тең. Сонда ай сайын жұмысты ұсыншы мен жұмысшы 6373582 млн. теңге салық төлеп отырады екен.


Тәжірибе көрсетіп отырғандай, компаниялардың басым көпшілігі әлеуметтік салықтан құтылу мақсатында, салық Комитетіне нақты жалақы қорының мөлшерін толық көрсетпеуде.

2.4. Қазақстан Республикасында толық фискалды механизмді қол жеткізудің жолдары.

Фискалды саясатты жүзеге асырудың бірнеше әдістемелік үлгілері бар. Біздің көзқарасымыз бойынша ұсынып отырған үлгілер келесідей (сурет3). Бірінші үлгі бойынша жергілікті және республикалық деңгейде салық құқығын толығымен жіктеу, яғни әрбір деңгейдегі үкімет өзіндік салық тізімін бекітеді. Мұндай үлгі әсіресе АҚШ-та кеңінен қолданылады. Бұл ел – мемлекет пен оның өңірлері арасындағы фискалды қатынастардың тұрақтылығы жағынан, осыған байланысты еш қандай заңдылық шоттардың жоқтығына қарамастан, алдыңғы елдердің бірі.

Екінші үлгі Қазақстанда әлеуметтік әділеттілікке қол жеткізу мақсатында, жұмысшылардың табысына салынатын салықтардың ставкасы мен оларды қайта бөлу проблемасымен байланысты. Бұл үлгіні екі бағытқа бөліп қарастыруға болады. Біріншіден шет елдің тәжірибесін мұқият зерттей келе, Қазақстан басқа елдердің жасаған қателіктерін қайталамауы үшін, жұмысшылардың күнкөріс минимумынан жоғары табыс алмайтын көздерінтікелей салықтың барлық формаларынан (табысқа салынатын және әлеуметтік салық басқа да ұстадындардан) босату қажет. Минималды көлемде табыс алатын жұмысшылар, мемлекет шығынын қаржыландыруға және өзінің зейнеткерлік ресурсын жинақтауға қатыса алмайды және қатыспауы да керек. Мұндай тұжырымдамадан ақшаны өндіріп алу мағынасыз да, себебі олар бәрі-бір сол мемлекеттің есебінен жәрдем ақымен қамтамасыз етілетіндер жүйесіне кіреді. Мұндай практика қосымша есептеулер мен қаржылық жұмыстардан басқа қоғамға ешқандай пайда әкелмейді.

Фискалды саясатты жүзеге асыру механизмі



Екіншіден, біздің еліміздегі салық жүйесінің негізгі қызметін фискалдықтан ынталандырушы қызметіне қайта бағыттау қажет, яғни қоғамда орта тап санының ресми арттыру үшін жалақыға салынатын салықтардың ставкасын төмендету. Бүгінгі күнде көптеген компанияларда өз қызметтерінің жоғары жалақыларының сомасын жасыру үшін қос бухгалтерия жүргізуде.

Көптеген елдердің статистикалық мәліметтері дәлелдеп берген макроэкономикалық заңдылыққа сәйкес – салық алымдарының деңгейі

неғұрлым жоғары болған сайын, экономикалық өсу қарқыны соғұрлым төмен, және керісінше, салық жүктемесі неғұрлым төмен болған сайын макро және микро деңгейдегі экономикалық өсудің мүмкіншілігі де жоғары.

Үшіншіден, көзделген салық саясатының негізгі мақсаты ретінде фискалдық және ынталандырушы рөлдері арасында оңтайлы қатынасқа қол жеткізу тұрғысынан қарастырамыз. Сонда салық саясаты салық жүктемесін анағұрлым әділетті бөлу, оңтайланған салық ставкасына көшу мен салық жүйесін жеңілдету қажет. А.И. Худяков пен Г.М. Бродскийдің Салық салу теориясы атты еңбегінде, салықтарды пайдалану сипатына байланысты жалпы және арнайы «мақсатты» салықтар деп жіктейді. Салық салу жүйесінде кейбір салықтар бюджетке келіп түскен соң, бюджеттің басқа да кірістерімен араласып, жалпы қажеттіліктерге жұмсалады, яғни бұл – жалпы бағыттағы (абстракциялы) салықтар. Ал енді кейбір салықтар нақты бір шараларды қаржыландыру үшін қолданылады, яғни бұл арнайы салықтар. Мәселен бұған әлеуметтік салықтарды жатқызуға болады. Қазіргі кезде арнайы салықтар (бұрын бюджеттен тыс қорларға аударылатын) бюджетте ерекшеленіп көрсетіледі. Айта кету керек, көп жағдайларда арнайы салықтар бюджеттен тыс арнайы қорлардың табыс көзі ретінде бекітіледі.

Үшінші үлгі, салықтың әрбір түрін бюджет деңгейлері арасында бөлшектеместен, әртүрлі деңгейдегі бюджетке салықтарды тұтасымен түраері бойынша нақтылы бөлу. Бұл әсіресе жергілікті бюджеттердің нақтылау рәсімдерін жеңілдетер еді.

Қарастырылған осы үлгілер еліміздің қаржы саласындағы бірқатар мәселелерді шешіп береді. Атап айтатын болсақ: Біріншіден, субвенциялар мен алымдар көлемдерін бекіту тұрақтылығы жергілікті атқарушы органдарға жеткілікті бюджеттер жобаларын қалыптастыруды республикалық бюджет жобасының жасалуын күтпестен-ақ жүзеге асыруға мүмкіндік беру.

Екіншіден, салықтың әрбір түрін бюджет деңгейлері арасында бөлшектеместен, салық түрлері бойынша бюджеттер арасында нақтылы бөлу мүмкіндігін қалыптастыру, ал ол республикалық, сонымен қатар, жергілікті бюджеттерді де нақтылау рәсімдерін жеңілдетеді.

Үшіншіден, барлық аймақтар бюджеттік алымдарды бөлуге де сол сияқты субвенцияларды алуда да міндеттемелердің тұрақты мөлшеріне ие болады.

toppreferat.com
Қазақша рефераттар...

toppreferat.com
Қазақша рефераттар...

toppreferat.com
Қазақша рефераттар...

toppreferat.com
Қазақша рефераттар...

toppreferat.com
Қазақша рефераттар...

toppreferat.com
Қазақша рефераттар...